

**Қамқоршылық кеңесінің
№1 ХАТТАМАСЫ**

2024 жыл «2» қыркүйек

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Ғабиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **Қамқоршылық кеңесі**
Отырыстың өткізілетін жері: «Ғ.Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар(ҚК мүшелері): 9
Қатыспағаны: 0**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024-2025 оқу жылына мектептің дайындығы туралы
 2. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы.
 3. Біржолғы материалдық көмек.
- Жалпыға міндетті оқу қорынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 қаулысына сәйкес жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Жалпыға міндетті оқу қорынан жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы.

СӨЙЛЕДІ:

1. Директордың тәрбие ісінен орынбасары Ә.М.Нарымбеков: 2024-2025 оқу жылына жоспарланған мектеп асханасы мен спорт залдың кешенді жөндеу жұмыстары жайлы қамқорлық кеңесі мүшелеріне толық ақпарат берді қажет болған жағдайда мүмкіндігінше ҚК тарапынан қолдау көрсетілсе деген ұсынысын білдірді. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы да ақпараттар берді.

2. Шойынбекова Риза Балтабаевна - қамқоршылық кеңес төрайымы
Жалпыға міндетті оқу қорынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысына сәйкес жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетіліп жатыр. Құжаттарды қабылдау, біржолғы материалдық көмек көрсетілетін азқамтылған отбасы балаларының тізімі қаулыға сәйкес шығарылып, қаржылай көмек көрсетіліп жатқандығын айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының көрсетілген 5-санат негізінде (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына) **№1 қосымшаға сәйкес жалпыға міндетті оқу қоры шеңберінде** қаржылай және материалдық көмек көрсетіліп, ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы барысында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына тұрақты түрде қайырымдылық көмек көрсету ісі жалғастырылсын.

Төрайым
Хатшы:



Шойынбекова Р.Б
Рахыметжан А